



Қылмыстық құқық (жалпы бөлім) 6-тақырып

Тақырып: Қылмыстың объективтік жағы

ДАЙЫНДАҒАН : PhD РАХИМОВА ГАККУ НУРЛАНОВНА

Сабақ жоспары:

1. **Объективтік жақтың түсінігі және маңыздылығы**
2. **Қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет және әрекетсіздік)**
3. **Қоғамға қауіпті іс-әрекеттің зардаптары**
4. **Қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекетсіздік) пен зардаптың арасындағы себепті байланыс**
5. **Қылмыс құрамының объективтік жағының факультативті белгілері**

Объективтік жақтың түсінігі және маңыздылығы

- ▶ Қылмыстың объективтік жағы- бұл жасалған қылмыстық іс-әрекеттің процесін сипаттайтын қылмыстың сыртқы көрінісі.
- ▶ Оның маңыздылығы төмендегідей сипатталады:
- ▶ Біріншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы қылмыс құрамының міндетті элементі болып табылатындықтан қылмыстың жауаптылық негізіне кіреді.
- ▶ Екіншіден, қылмыс құрамының объективтік жағының белгілері көпшілік жағдайларда қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін анықтауға көмектеседі.
- ▶ Үшіншіден, қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралау үшін қылмыстың объективтік жағының маңызы елеулі.
- ▶ Төртіншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы ұқсас қылмыстарды бір-бірінен ажырату, сонымен бірге қылмыстық әрекетті қылмыс емес әрекеттен ажыратудың бір критерийі болып табылады.
- ▶ Бесіншіден, сотта жазаны жеке даралау кезінде қылмыстың объективтік жағының белгілері жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар ретінде жасалған қылмысқа сәйкесті әділ жаза тағайындауға негіз болып табылады.

Қылмыстың объективтік жағының белгілері:

- ❖ қоғамға қауіпті іс-әрекет
- ❖ қоғамға қауіпті зардаптар
- ❖ Қоғамға қауіпті іс-әрекет пен зардап арасындағы себепті байланыс
- ❖ қылмысты жасау тәсілі
- ❖ қылмысты жасаудың орны
- ❖ уақыты
- ❖ құралдары мен амалдары жатады.

Қылмыстық іс-әрекеттің заңи белгілеріне келесілер жатады:

- ❖ Қоғамға қауіптілік. Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі, оның қылмыстық заңмен қорғалатын объектілерге зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін туғызуын білдіреді. Қоғамға қауіптілік мен оның дәрежесі, құқықбұзушылықты қылмыстарға, әкімшілік және азаматтық-құқықтық деликтілерге, сондай-ақ тәртіптік теріс қылықтарға бөлудің критерийі болып табылады;
- ❖ Құқыққа қайшылық. Бұл дегеніміз, нақты іс-әрекетті жасау, қылмыстық заңның тиісті бабымен тыйым салынғандығын білдіреді;
- ❖ Саналы жасалуы. Аталған белгі тұлға қоғамдық қауіпті іс-әрекетті, оның нақты мазмұны мен мүмкін болатын зардаптардың сипатын түсіне отырып, қалыпты психикалық жағдайда жасауын білдіреді. Әйтпегенде, іс-әрекет қылмыс болып танылмайды, себебі Қылмыстық кодекске сәйкес, егер әрекет жасаған адам өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіптілігін ұғынбаған және істің мән-жайы бойынша ұғына алмаған болса, не қоғамдық қауіпті зардаптардың пайда болуы мүмкін екенін алдын ала білмесе және істің мән-жайы бойынша оларды алдын ала білуге тиіс болмаса немесе білуі мүмкін болмаса, әрекет жазықсыз жасалған деп танылады;
- ❖ Іс-әрекеттің ерікті сипаты. Тұлғаның өзінің әрекетін басқара алмай жасаған іс-әрекеті, қоғамдық қауіпті болып саналмайды. Сондықтан да егер зиян еңсерілмейтін күштің және т.б. әсерінен, физикалық не психикалық мәжбүрлеу арқылы жасалса, тұлға қылмыстық жауаптылықтан босатылады

Қоғамға қауіпті іс-әрекет екі нысанда жасалуы мүмкін: әрекет немесе әрекетсіздік

- ❖ Әрекет- әрекет адамның белсенді іс-қимылы және қоғамға қауіпті іс-әрекеттің кең тараған түрі. ҚРҚК Ерекше бөлімінде қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтың басым көпшілігі осы белсенді әрекетпен жасалады. Кез келген әрекеттің негізінде адамның белгілі бір мақсатқа жетуді жүзеге асыруға бағытталған саналы дене қимылы жатыр. Қылмыстық әрекет адамның бір әрекетінен немесе бірқатар жеке, бір бірімен байланысқан әрекеттерінен құралады. Мысалы, адам бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасау үшін оған ең алдымен дайындалады (қылмыстың орнын, уақытын, қаруын іздеу және т.б.).
- ❖ Әрекетсіздік- қоғамға қауіпті іс-әрекеттің екінші түрі. Әлеуметтік және құқықтық қасиеті бойынша әрекетсіздік әрекетке ұқсас. Ол да әрекет сияқты сыртқы дүниеге белгілі бір өзгеріс әкелуге және әсер етуге қабілетті. Алайда, әрекетке қарағанда әрекетсіздік адамның белгілі бір әрекетті жасауға міндетті немесе оны жасауға мүмкіндігі бола тұра сол әрекетті жасамау түріндегі бәсең, енжар әрекеті. ҚК 320-бабы бойынша науқасқа дәрігердің көмек көрсетпеуі түріндегі әрекетсіздік.

Қоғамға қауіпті іс-әрекеттің зардаптары

- ▶ Қоғамға қауіпті іс-әрекеттің зардаптары- бұл қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға, қылмыс жасаудың нәтижесінде келтірілген елеулі зиян.
- ▶ Сипатына қарай қоғамға қауіпті зардаптарды екі үлкен топқа бөлу қалыптасқан:
- ▶ 1) материалдық зардаптар,
- ▶ 2) материалдық емес зардаптар.
- ▶ Көп жағдайларда **материалдық зардаптарға** азаматтарға, заңды тұлғаларға және мемлекетке келтірілген мүліктік зиянды және жеке адамға келтірілген дене зиянын жатқызады. Яғни, материалдық зардаптар сыртқы дүниенің белгілі бір заттарын жою, бүлдіру, қасиетін өзгертумен немесе оларды тұрақты немесе уақытша пайдалану мүмкіндігінен айырумен байланысты зардаптар ретінде түсіндіріледі.
- ▶ **Материалдық емес зардаптар** деген қылмыстық заңмен қорғалатын қатынастарға қатысушылардың мүдделерін сыртқы дүниенің материалдық заттарына және адамның денесіне әсер етпей бұзумен ұштасқан жағымсыз өзгерістерді білдіреді. Материалдық емес зардаптарға – саяси, моральдық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және т.б. зияндар жатады.

Қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекетсіздік) пен зардаптың арасындағы себепті байланыс

- ▶ Себепті байланыс- бұл объективті келісілгендік, қоғамға қауіпті іс-әрекет пен пайда болған қоғамға қауіпті зардаптардың арасындағы байланыс.
- ▶ Себепті байланыстың белгілері:
 - ❖ Уақытша белгі. Бұл дегеніміз іс-әрекет уақыт бойынша пайда болған қоғамға қауіпті зардаптардың алдында болуын білдіреді;
 - ❖ Жасалған қылмыстық іс-әрекеттің салдарынан қоғамға қауіпті зардаптардың пайда болуының шынайы мүмкіндігінің болуы; Сөйтіп, автокөлікті қатты мастық күйінде жүргізу, әрқашан елеулі зиян келтіру қаупін туғызады, ал автокөлікті жүргізу куәлігінсіз жүргізу, мысалы ол ұмытылып кеткен жағдайда, ешқандай нақты қауіп туындамайды.
 - ❖ Кінәлі тұлғамен жасалған іс-әрекет, қауіпті зардаптардың пайда болу себебінің басты шарты болуы тиіс.

Қылмыс құрамының объективтік жағының факультативті белгілері

- ❖ қылмыстың жасалу уақыты
- ❖ орны мен жағдайы
- ❖ құралдары мен тәсілдері жатады

Факультативті белгілері:

- ❖ Қылмыстың жасалу уақыты- бұл қылмысты жасаудың ұзақтығы, не ол жасалып жатқан белгілі бір уақыт аралығы. Мысалы, бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету қылмыс болып, егер өз бетімен тастап кетушілік бір тәуліктен артық ұзаққа созылсатанылады (ҚР ҚК-нің 372-бабы).
- ❖ Қылмыстың жасалу орны- бұл қылмыс жасалған аумақ, кеңістік. Мысалы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің бұзылуы (ҚР ҚК-нің 293-бабы).
- ❖ Қылмыстың жағдайы- бұл қылмыс жасаудың шарттары. Мысалы, жан күйзелісі жағдайында адам өлтіру ерекше жағдайдың ықпалымен: жәбірленушінің күш қолдануынан, қорлауынан немесе ауыр балағаттауынан не өзге де заңға қарсы немесе моральға жат іс-әрекетінен (әрекетсіздігінен) жасалады (ҚР ҚК-нің 98-бабы).
- ❖ Қылмыстың жасалу тәсілі- бұл қылмыстық іс-әрекет жасаған уақытта кінәлі тұлғаның қолданылатын әдістері мен амалдарының жиынтығы. Тәсіл ретінде күш қолдану, қызметтік бабын пайдалану, алдау, сенімге қиянат ету және т.б. танылады.
- ❖ Қылмыс жасау құралы- бұл қылмыстық іс-әрекет жасау кезінде тікелей қолданылатын сыртқы әлемнің заттары, мысалы: адам өлтіру кезінде атыс қаруын қолдану.
- ❖ Қылмысты жасау амалдары- басталып кеткен қылмыстың жасалуын немесе сәтті аяқталуын жеңілдетеді. Мысалы, ұрылар автокөлікті ұрланған мүлікті тездетіп алып шығу үшін пайдаланады.

Қарастырылатын әдебиеттер:

- ▶ 1. 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: «ЮРИСТ» баспасы, 2018. – 40 бет.
- ▶ 2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі
- ▶ 3. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық кодекске түсіндірме (Жалпы және Ерекше бөлім) – Алматы, 2015. – 768 б.
- ▶ 4. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть / Под ред. И.Ш. Борчашвили. – Алматы, 2015. – 500 с.
- ▶ 5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Оқулық. — Алматы: Жеті-жарғы, 2016. — 288 б.
- ▶ 6. Уголовное право в 2 т. Том 1. Общая часть: учебник для академического бакалавриата / А. В. Наумов [и др.] ; отв. ред. А. В. Наумов, А. Г. Кибальник. — 5-е изд., пер. и доп. — М. : Издательство Юрайт, 2018. — 499 с.